

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 28 қараша N 1267

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. <*>

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310 қаулысымен

2. Мынадай республикалық мемлекеттік кәсіпорындар қайта аталсын:

1) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Оңтүстік Қазақстан гидрогеолого-мелиоративтік экспедициясы" "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің Оңтүстік Қазақстан гидрогеология-мелиоративтік экспедициясы";

2) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қызылорда гидрогеология-мелиоративтік экспедициясы" "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің Қызылорда гидрогеология-мелиоративтік экспедициясы".

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2016 № 887 қаулысымен.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

4. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 28 қарашадағы
N 1267 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары
жөніндегі комитеті туралы
ЕРЕЖЕ**

Ескерту. Ереженің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 28 қарашадағы
N 1267 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары
жөніндегі комитетінің құрылымы**

**Ескерту. Құрылымның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310
қаулысымен .**

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 28 қарашадағы
N 1267 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары
жөніндегі комитетінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарының
Тізбесі**

Ескерту. Тізбенің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 28 қарашадағы
N 1267 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары
жөніндегі комитетінің қарауындағы ұйымдардың Тізбесі**

Ескерту. Тізбенің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 2 наурыздағы N 347 қаулысының 1, 3-тармақтары, 4-тармағының екінші абзацы, 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 13-14, 134-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 мамырдағы N 793 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 24, 278-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылдың 2 наурызындағы N 347 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 маусымдағы N 853 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 25, 296-құжат).